

№2 Қарауылкелді орта мектебінде кезектен тыс жиналыс болып өтті. Жиналысқа педагогикалық ұжым мүшелері түгел қатынасты.

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Аудандық білім бөлімінің 05.12.2022 жылғы № 04-2025 санды қатынасына сәйкес мектебімізде шығармашылықпен еңбек етіп, қоғамдық жұмыстарға белсенділік танытып, жақсы жетістіктерге қол жеткізіп жүрген ұстаздарға сыйақы тағайындау туралы;

2. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды: Мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы М.Бәсен: Аудандық білім бөлімінде 2022 жылдың қортындысы негізінде жыл ішіндегі үнемделген қаржы есебінен бір жолғы сыйақы беру жоспары бекітілген болатын. Осыған орай мектебіміздегі барлық қызметкер арасынан шығармашылықпен жұмыс жасап, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, жанашырлықпен жұмыс жасап жетістіктерге жетіп жүрген елеулі еңбегі бар ұстаздар бар. Әріптестер өткен оқу жылындағы мектептің барлық жетістіктері де, жіберген олқылықтарымыз да баршамызға белгілі. Көптеген пәндік сайыстарда жеңімпаз оқушыларымыз шықты, аудандық, облыстық шараларға қатынасып белсенділік таныта білдік. Осындай тынымсыз еңбектің нәтижесінде биылғы мектеп түлектері көп грант иегері болды. Мектептегі барлық жұмысты саралай келіп биылғы аудандық білім бөлімінің қатынасына сәйкес бірқатар мұғалімдерді сыйақыға ұсынып отырмыз. Пән бірлестік жетекшілерінің пікірі тыңдалып сарапталды. Бұл сыйақыға ұсыну жыл сайын жүргізіледі. Мектептің аға буын мұғалімдерінің және бірлестік жетекшілерінің ұсыныстарына байланысты тізім жасалынды. Осыған пікірлеріңізді білдірсеңіздер.

Сөйлеушілер: 1. С.Доскулов – математика пәнінің мұғалімі. Сыйақыны еңбегіне қарай беру деген ұсынысты толық қостаймын. Бұл жұмыс жасауға ұмтылдырудың бірден-бір жолы. Биылғы сыйақы алған мұғалім келесі жылы ерекше жетістігі болмаса ұсынылмайды. Ұсынылмаған мұғалімдер жетістікке ұмтылады.

2. Батырбаева Ырысты – бастауыш класс мұғалімі. Мұғалімдерге көрсетілген бұл құрметке көп рахмет. Ұжымның ішінен жасаған жұмысының нәтижесі бойынша ұсынғандықтан бұл келесі оқу жылында жақсы жұмысқа ұмтылыс болады. Ұсынылған мұғалімдер лайықты деп ойлаймын.

3. Мұңайтбасова Галина – орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі. Тізіммен танысып шықтым. Әркім өзінің жасаған жұмысына қарай